

Жамбыл облысының Шу алқабы аймағында өсетін жабайы сораны халық тұтынатын тауар ретінде дайындау мен ұқсату туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 қазан 1993 ж. N 1003

Жамбыл облысындағы Шу алқабының аймағында көптеп ұйыса өсетін жабайы сораның құрамында есірткінің үлкен мөлшері болуы салдарынан көптен бері нашақорлыққа қарсы күрес ұйымдастыруда елеулі проблемалар туғызып, әрі республикадағы қылмыстық ахуалдың күрделене түсуіне себепші болып отыр.

Құрамында есірткі бар осынау өсімдікті құрту жөнінде жасалған әлденеше әрекет тиімді әдістеменің болмауы салдарынан күткендегідей нәтиже бермеді.

Республиканың құқық қорғау органдары жыл сайын көп қаржы шығындап, жұртшылықты қатыстырып, сондай-ақ едәуір мөлшерде ауыл шаруашылық техникасын пайдалана отырып, сораны құрту және есірткі шикізатын дайындау мен әкетудің жолын кесу жөнінде кең ауқымды алдын алу шараларын жүргізуде.

Осыны ескеріп және Жамбыл облысы әкімінің Шу аймағында жабайы өсетін сораны жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат ретінде пайдалану туралы ұтымды ұсынысын мақұлдай келіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Легпром" Мемлекеттік холдинг компаниясымен және "Тағам" Мемлекеттік акционерлік компаниясымен бірлесіп, сондай-ақ Жамбыл облысы әкімінің қатысуымен Шу алқабы аймағында жабайы сораны дайындау мен оны халық тұтынатын тауар ретінде ұқсату жөнінде ашық үлгідегі "Азия" акционерлік компаниясын құру тапсырылсын.

2. Жамбыл облысының әкімі жайылымды бұрынғы қалпында қалдыруды ескере отырып, жабайы сора өсетін жер учаскесін өз қызметін жүзеге асыруы үшін "Азия" акционерлік компаниясына бөліп беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі барлық технологиялық тізбек бойынша шикізатты есепке алу мен қорғау жүйесін пысықтасын және "Азия" акционерлік компаниясы қаражатының есебінен қажетті мөлшерде қызметкерлер бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақ Ауыл шаруашылық ғылымы академиясы, "Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясы, "Тағам" Мемлекеттік акционерлік компаниясы және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Азия"

акционерлік компаниясының қызметіне жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі "Азия" акционерлік компаниясын қаржыландыру, соның ішінде шет ел инвесторларын тарту есебінен қаржыландырудың көздерін айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК